



Ұлттық статистика бюросы:
**РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕР
НЕ ДЕЙДІ?**

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №84 (6646) 23 қыркүйек, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

МЕГАПОЛИС

МЕРЕКЕЛІ АЛМАТЫ

өнер жұлдыздарының ән-жырына бөленді

Алматылықтар Қала күнін дәстүр бойынша қыркүйектің үшінші жексенбісінде атап өтеді. Иә, өткен жексенбі мегаполис мереке құшағында болды. Негізгі салтанатты іс-шара қаладағы Астана алаңында өтті. Ел алдына шығып сөз сөйлеген Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жиналған қауымды Қала күнімен құттықтады.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Алматы мен Оңтүстік Кореяның Кёнсан-Намдо провинциясы жедел саты өндірісі мен білім беру саласындағы келісімге қол қойды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Корея Республикасының Кёнсан-Намдо провинциясының губернаторы Пак Ван Сумен ресми кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар үш негізгі меморандумға қол қойды. Атап айтқанда, Алматы мен Кёнсан-Намдо арасындағы серіктестік пен тәжірибе алмасу, жедел саты саласын бірлесе дамыту және шетелдік студенттерді тарту мәселелері бойынша уағдаластық жасалды. Бұл құжаттар іскерлік қарым-қатынасты бекемдеуге, жоғары технология мен білім беру саласында ортақ жобаларды жүзеге асыруға және тәжірибе алмасуға жол ашады.

Шаһар басшысы білім беру бағытындағы әріптестіктің ерекше маңызы бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, Оңтүстік Корея Азия-Тынық мұхиты өңірінде білім беру саласының көшбасшысы саналады. Былтыр шетелдік студенттер үшін ең қолайлы мемлекеттердің бірі деп танылған.

«Біз білім саласындағы байланысты нығайтуға мүдделіміз. Сіздің делегацияңызбен бірге Чанвон университеті мен Корея жедел саты индустриясы университетінің ректорларының келуі осы бағыттың маңызын айғақтайды. Әсіресе, инженерлік-техникалық және



IT салалары біз үшін аса маңызды. Бұл мамандықтар Алматы мен Қазақстан экономикасын дамытуда стратегиялық мәнге ие», – деді Дархан Сатыбалды.

Мегаполис әкімі сондай-ақ, Алматы мен Оңтүстік Корея арасындағы байланыстың қарқынды дамып келе жатқанын айтты. 2025 жылдың алғашқы жартысында шаһарға Корея Республикасынан 10 мыңнан астам турист келген.

Өз кезегінде губернатор Пак Ван Су Кёнсан-Намдо провинциясының Алматымен өзара ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті

екенін жеткізді. Әсіресе, жедел саты өндірісін өркендету және еркін экономикалық аймақ аясында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға басымдық берілетінін атады. Ол қол қойылған меморандумдар Корея мен Қазақстан арасындағы ұзақ мерзімді серіктестіктің берік іргетасына айналып, жаңа технология алмасуға, инвестиция тартуға және инновациялық бастамаларды жүзеге асыруға серпін беретініне сенім білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».


БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



@AQSHAM_NEWS



@AQSHAM_NEWS



@AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz



9 772223 237006



Ұлттық статистика бюросы:

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Ресми мәліметтер не дейді?

2025 жылы 15 қыркүйекте Ұлттық статистика бюросы қаңтар-тамыз аралығындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы статистикалық мәліметтерді жариялады. Онда елдің әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштеріне қатысты ресми мәліметтер қамтылған. Мақалада осы жинаққа негізделіп халықтың әлеуметтік жағдайына талдау жасалмақ.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ
ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Халықтың әлеуметтік жағдайы бірнеше көрсеткіштермен анықталады. Ұлттық статистика бюросының әдіснамасы бойынша халықтың әлеуметтік жағдайы мынадай көрсеткіштермен есептеледі:

- Халық саны, табиғи қозғалысы және көші-қон;
- Халықтың табысы;
- Халықтың жұмыспен қамтылуы;
- Кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбекақы.

Мақалада халық саны, табиғи қозғалысы және көші-қон мәселелеріне тоқталамыз. Себебі, демографиялық өзгерістер

мен тенденциялар мемлекеттік саясатты айқындайды.

ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ
ҮЛЕСІ БАСЫМ

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша халықтың саны 20 млн. 407 мыңнан асқан. Қазақстандықтардың басым бөлігі қалада тұрады. Атап өтер болсақ, қалада – 63,3%, ауылда – 36,7% халық өмір сүреді. Елімізде урбанизация үдерісі тоқтар емес. Ауыл халқы қалаға көшіп жатыр. 1999 жылғы ұлттық санақ нәтижесі бойынша қала халқы 56,4% болса, 2025 жылы тамызда 63,3%-ға жеткен. Бұған тек миграция ғана емес, қаладағы туу көрсеткіші де әсер етті.

Жылдар бойынша халық саны	Қала (%)	Ауыл (%)
1999	56,4	43,6
2009	56,1	43,9
2021	61,2	38,8
2025 (тамыз)	63,3	36,7

ТУУ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕНДЕДІ

Ресми статистикаға сүйенсек, елімізде туу көрсеткіші төмендеуде. Мысалы, 2025 жылы шілде айында туғандар саны 30 729, 2024 жылы шілдеде 33 304 болған. Есептік кезеңде қайтыс болғандар санын ескерсек те, табиғи өсім азайғанын байқаймыз.

Сондай-ақ, шілде айында ажырасулар саны артқан. 2025 жылы 4078, ал былтыр 3794 ажырасу тіркелкен. Тіркелген некелер саны да азайған: биыл 12 955, 2024 жылы 13 742 болған.

	2025 жыл, шілде	2024 жыл, шілде
Туғандар	30 729	33 304
Қайтыс болғандар	11 797	11 857
Табиғи өсім	18 932	21 447
Некелер	12 955	13 742
Ажырасулар	4 078	3 794

Өңірлер бойынша да жағымсыз үдеріс байқалады. Салыстыру үшін статистика бюросы 2024 және 2025 жылдардағы тамыз айын алған. Ондағы мәліметке сүйенсек, 17 облыстың 11-інде халық санының өсу қарқыны баяулаған.

Астана, Алматы және Шымкент қалаларында өсім сақталған. 3 ірі мегаполис өсім бойынша көш басында тұр. СҚО, Абай және Жетісу облыстарында ең төменгі өсу қарқыны тілкелді.

Өңірлер	Жалпы өсім/кему	Өсу қарқыны (%)
Астана	107 165	107,2
Алматы қ.	60 986	102,7
Шымкент	39 414	103,2
СҚО	- 8 112	98,5
Абай	- 6 595	98,9
Жетісу	- 6 033	99,1

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Субсидияланатын
жұмыс орындары:ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР
талқыланды

Алматыда «Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырудың жаңа ережелері және субсидияланатын жұмыс орындарына орналасқан тұлғалардың еңбекақысын субсидиялау тәртібі» тақырыбында семинар өтті. Іс-шара Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қаржылық қолдауымен ұйымдастырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Жиынның мақсаты – әлеуметтік осал азаматтардың мүддесін ескеретін әділ шешім табу, сондай-ақ мемлекеттік бастамалар мен қоғам қажеттілігінің арасында тең көзқарас қалыптастыру. Семинарға азаматтық қоғам және бизнес өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар қатысты. Олар 2023 жылғы 30 маусымдағы №275 бұйрықпен бекітілген жаңа ережелерді жан-жақты талқылап, оның әлеуметтік осал топтарға әсерін бағалады.

«МТФ» қорының президенті Сәуле Мұратқызының айтуынша, мұндай ұйымдар-

дың басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдау және оларды жұмыспен қамту. Оның мәліметінше, қазірдің өзінде ҰЕҰ-лар арқылы әлеуметтік жағынан қорғалмаған мыңнан астам азамат (оның ішінде мүгедектігі бар жандар, бұрын сотталғандар, көпбалалы аналар) тұрақты немесе уақытша жұмысқа орналасқан.

«Қазір бізде үлкен мәселе туындап отыр. Келесі жылдан бастап жұмыс берушілерге арналған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуымыз қиын болуы мүмкін. Себебі, жаңа ереже енгізіліп жатыр. Сол 14 жаңа талаптың бірі бойынша әрбір жұмыс беруші тұрақты штаттағы қызметкерлерінің кемінде 10 пайызын жұмыссыздар қатарынан қабылдауы тиіс. Ал үкіметтік емес ұйымдар үшін бұл өте қиын шарт. Неге десеніз, біз коммерциялық ұйым емеспіз, тек жобалар арқылы жұмыс істейміз. Жобалар әрдайым бола бермейді, тұрақты қаржыландыру жоқ. Демек, біз 10 пайыздық көрсеткішті орындау үшін адамдарды тұрақты штатқа қабылдай алмаймыз», – деді С.Мұратқызы.

Кездесу қорытындысында қатысушылар ҰЕҰ-ға арналған арнайы бағдарлама әзірлеу жөніндегі ұсынысты Президентке және Премьер-министрге жолдау туралы шешім қабылдады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле МҰРАТҚЫЗЫ, «МТФ» қорының президенті:

ТАЛАП КҮШІНЕ ЕНСЕ, ЖҰМЫССЫЗДЫҚ АРТУЫ МҮМКІН

Ел бойынша 500-ге жуық үкіметтік емес ұйым мемлекеттік бағдарламаларға қатысып отыр. Соның 80 пайызы келесі жылы бұл талапты орындай алмай қалуы мүмкін. Ал біз мүмкіндігі шектеулі адамдарға жұмыс беруге әрқашан дайынбыз. Радиоға, мысалы, көзі көрмейтін журналист қажет болса, біз арнайы жұмыс орын ұйымдастырамыз, техникалық жағдайын жасаймыз, үйретеміз. Бірақ олар басқа адамдарға қарағанда баяу жұмыс істеуі мүмкін, қосымша шығын керек болады. Мұндай қадамға коммерциялық компаниялар бара бермейді, ал біз барып отырмыз.

Қазірдің өзінде 1800-ге жуық әлеуметтік жағынан қорғалмаған азаматты жұмыспен қамтамасыз етіп отырмыз. Оның 500-і – мүмкіндігі шектеулі адамдар. Бірақ жаңа ереже күшіне енсе, олардың көбі жұмыссыз қалады. Басқа компаниялар мүгедек адамдарды, көпбалалы аналарды жұмысқа ала бермейді. Бұл мәселе тек Алматыда емес, бүкіл Қазақстанда бар. Еңбек министрлігі үшін 1800 адам үлкен статистика емес шығар, техникалық жағдайын жасаймыз, үйретеміз. Бірақ олар басқа адамдарға қарағанда баяу жұмыс істеуі мүмкін, қосымша шығын керек болады. Мұндай қадамға коммерциялық компаниялар бара бермейді, ал біз барып отырмыз.

Коммерциялық ұйымдар көбіне мұндай санаттағы адамдарды қабылдамайды, ал біз оларға бейімделген жұмыс орындарын ұсынамыз, арнайы оқытып, цифрлық мамандықтарға үйретеміз. Жаңа талап күшіне енсе, бұл адамдардың көбі жұмыссыз қалуы мүмкін.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ АРНАСЫ:

қайта жаңғырту жұмыстары 2026 жылы аяқталады

Алматыдағы Үлкен Алматы өзенінің арнасын қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Осыған орай БАҚ өкілдеріне арнап пресс-тур ұйымдастырылды. Онда мердігер ұйым – «Павлодар өзен порты» АҚ өкілдері Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасымен бірге журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Жобаға тапсырыс беруші – Алматы қаласының Экология басқармасы, ал мердігер ұйым – «Павлодар өзен порты» АҚ. Жұмыс №1 су тұндыру қоймасынан басталып Абай даңғылына дейінгі 5,7 шақырымдық аумақта жүргізіліп жатыр.

– Бүгінде жұмыстардың 40%-дан астамы орындалды. Арнаны нығайтумен қатар өзен бойындағы аумақ абаттандырылып жатыр. Біздің мамандар күнделікті бақылау жүргізеді, сонымен қатар техникалық қадағалау және ГАСК тарапынан да қадағалау бар. Жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сай жүріп жатыр, – деді Экология басқармасының басшысы Мирас Ғайсин.

«Павлодар өзен порты» АҚ-ның өкілі Сергей Житиневтің айтуынша, реконструкция толықтай 2026 жылы аяқталады.

– Қазірдің өзінде 2100-ден астам гранитті тақта алынып тасталды, тағы шамамен, 1200 тақта төменгі бөлікте алынды. Біз жұмысқа кіріскенде кей



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

плиталар мүлде жоқ болды, ал шамамен, 15%-ы бүлінген немесе эстетикалық тұрғыда жарамсыз еді. Жаңа плиталар орнатылған соң бетонмен бекітіліп, 5 жылға дейін шыдамды «Аквафикс» гидроқшаулағыш бояумен қапталады, – деді маман.

Ол сондай-ақ, бордюрлердің сапа-

сына және асфальт төсеу барысына қатысты сұрақтарға жауап берді. Техникалық қадағалау ескерту жасаған: жаңа жиектастар бір апта бұрын асфальт төсеу кезінде зақымдалған. Айта кетейік, жоба бойынша екі жолақ қарастырылған – бірі жаяу жүргіншілерге, екіншісі техникалық персоналға арналған. «Бұл

жерлерде ақаулар анықталып, жаңа поребриктер төселеді. Бұл мәселе техникалық қадағалаудың бақылауында. Ал бейнежазбада көрінген көбікке келсек, ол гидравликалық сынақтармен байланысты. Сынақтар 24 сағатқа созылады, содан кейін резеңке төсемдер орнатылады. Кейін бұл гидрожапқыштар каналдың бүкіл ұзындығында штаттық режимде жұмыс істейтін болады. Бір айдың ішінде көбік кетуі тиіс», – дейді Сергей Житинев.

Оның айтуынша, плиталардың бетіне лак жағу жұмыстарының 45–50%-ы орындалғанымен, қабылдау рәсімі әлі жүргізілген жоқ. Ал өзен түбіндегі әлсіз тұстар гидросынақтан кейін анықталып, қосымша тегістеу қабаты төселеді.

– Бейнежазбада көрсетілген ағаштар біздің тарапымыздан отырғызылған жоқ, себебі әлі автосуару жүйесі іске қосылмаған. Қазір насостық станса орнатылуда. Ағаш отырғызу 2026 жылдың көктемінде жоспарланған, – деді мердігер өкілі.

Жоба аясында ескі қоршаулар толығымен алынып, көпірлер жөндеуден өтеді. Олар тазартылып, грунтталып, қайта сырланады. Қазан айында жаңа қоршаулар орнатылмақ. Үлкен Алматы өзенінің арнасын қайта жаңғырту жұмыстары 2026 жылы толық аяқталады деп жоспарланған.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

БАРЛЫҚ БАЛАЛАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ

Жетісу ауданында Алматыдағы ең алғашқы инклюзивті балалар ойын алаңы пайдалануға берілді.

«Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығының жанында, Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысында орналасқан алаңның басты ерекшелігі – оның барлық балаға, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар ұл-қыздарға да қолжетімділігінде. Мұнда балалардың еркін ойнап, дене шынықтырып әрі қоғамға бейімделуіне жағдай жасалған. Бұл бастама шын мәнінде тең әрі жайлы қалалық ортаны құру жолындағы маңызды қадам болып отыр.

Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебайұлының айтуынша, жаңа алаң «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында бой көтерген.

– Бұрын бұл жерлерде ескі үйлер болған. Айналма жол салынғаннан кейін айналасында бос жерлерді сәтті пайдаланып, осындай халыққа пайдалы аймақтар жасадық. Бұл ойын алаңының басты ерекшелігі – оның барлық балаға қолжетімді болуы. Мұнда мүмкіндігі шектеулі балалар да еркін



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ойнап, спортпен айналысып, қатарлас-тары сияқты қоғамға бейімделе алады. Инклюзивті орта әрбір баланың дамуына жағдай жасайды, – деді ол.

Алаңның басты нышаны – ұрпақтар сабақтастығын, отбасы құндылығын

және бірлікті бейнелейтін «Бақытты отбасы» мүсіні.

Ашылу салтанатына «Бақытты отбасы» орталығының өкілдерімен бірге Алматы қалалық мәслихатының депутаттары мен аудан әкімдігінің қызметкерлері қатысты.

Ашылу салтанатына балалар ата-аналарымен келіп, әткеншек теуіп, түрлі ойын құрылғыларында ойнады. Анимациялық кейіпкерлер бүлдіршіндермен бірге ойын ұйымдастырып, қонақтар балаларға тәттілер, балмұздақтар таратты. Көпбалалы ана Әйгерім Куватова «Балаларым шын қуанып ойнап жүр. Мұндай алаңдар көп болса, әр отбасы үшін үлкен қолдау болар еді», – деп қуанышымен бөлісті. Жансүгіров көшесінің тұрғыны Айзада Багирова да ризашылығын білдіріп: «Бұдан былай бұл жерге күнде келеміз. Балаларыма ұнап жатыр. Мұнда ойын түрлері көп

екең. Қауіпсіз әрі қызықты орын болып-ты», – деді.

Жаңа жобаның аясында заманауи инклюзивті спорт және ойын кешендері орнатылып, қауіпсіздік үшін 200-ден астам жарық шамы мен 12 бейнебақылау камерасы қойылды. Сондай-ақ, 22 орындық пен шағын сәулеттік нысандар орналастырылған. Территория көгалдандырылып, жасыл желекті күтіп-баптау үшін скважинадан қуат алатын автоматты суару жүйесі іске қосылды.

Жаңа инклюзивті алаң – Алматының әрбір тұрғынына, әсіресе, балаларға жасалған қамқорлықтың көрінісі десек болар. Бұл бастама қаладағы қолжетімді әрі тең мүмкіндіктер ортасын кеңейтіп, тұрғындардың күнделікті өмірін жандандыра түсетіні анық.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

«АДАЛ ҰРПАҚ» ЖОБАСЫ

коррупцияға қарсы сана қалыптастыруды көздейді

Алматы қалалық Жастар ресурсы департаментінің «Ақпараттық-ресурстық қоғамдық қорының» ұйымдастыруымен жастар арасында коррупцияға қарсы сана қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» жобасы жүріп жатыр.



Нұрлан
СҮЙІН

Жоба аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде студенттер мен мемлекеттік қызметкерлер кездесуі өтті. Оған мемлекеттік қызмет ардагері, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі Бақтияр Камалов, Қалалық Қоғамдық кеңес сарапшысы Алмат Әділбаев, Алматы қалалық Мемлекеттік қызмет департаменті басшысының орынбасары Шынарай Әлімжан және басқа да мамандар шақырылды.

Жиында Бақтияр Камалов баяндама жасап, мемлекеттік қызмет жайында әңгімелеп, жемқорлыққа қарсы күрес бағдарлары мен азаматтық жауапкершілік қағидаттары аясында дәріс айтты. Сөз алған мамандар жастарды коррупциялық әрекеттерден алыс болуға шақырып, оның заң шеңберінде үлкен жауапкершілігі бар екенін түсіндірді.

– «Адал ұрпақ» жобасының мақсаты – жастар арасында коррупциясыз сана қалыптастыру. Жоба негізінен жастар ортасында – жоғарғы және орта оқу орындарында ұйымдастырылады. Жастардың бойында коррупцияға тәзбеушілік азаматтық ұстанымын қалыптастырғымыз келеді. Осы мақсатта оқу орындарында тақырыптық парақшалар, буклеттер таратылуда. Онда үгіт-насихатпен қатар жауапкершілік нормалары да қарастырылғаны жазылған. Бұдан өзге, «Сенім телефоны» да жұмыс істейді, – деді Алматы қалалық Мемлекеттік қызмет департаменті басшысының орынбасары Шынарай Әлімжан.

Бүгінде коррупция жөнінде ақпарат берген адамдарға ақпарат расталған жағдайда сыйақы мөлшері белгіленген. Мысалы, коррупцияға қатысты әкімшілік жауапкершіліктің сыйақысы – 30 айлық есептік көрсеткіш (АЕК), қылмыстық іс қозғалған жағдайда сыйақы – 40 АЕК. Орташа қылмыстық жағдайда сыйақы – 50 АЕК болса, ауыр қылмыстық жағдайда – 70 АЕК. Аса ауыр коррупциялық қылмыс жағдайында сыйақы – 100 АЕК.



БАЙҚАУ

«JasSkills Kazakhstan – 2025»:

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда Қала күніне орай «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өткен республикалық «JasSkills Kazakhstan – 2025» байқауы өз мәресіне жетті.



Дана
САДЫРҚАН

Халықаралық WorldSkills чемпионатының стандарттарына сай ұйымдастырылып, жасөспірімдерге талантың көрсетуге әрі болашақта сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруге мүмкіндік берген байқауға республикамыздың әр жерінен 9-10-сынып оқушылары қатысты.

Ұлттық кәсіби шеберлік байқауының жеңімпаздары анықталды. Айта кетейік, сайыста Қазақстанның 17 аймағынан келген 75 оқушы сұранысқа ие 11 құзыреттілік бойынша бақ сынасты.

Байқауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен Алматы қаласы Білім басқармасы бірлесе ұйымдастырды.

Чемпионат мегаполистің 11 мемлекеттік колледжі базасында өткізіліп, бүгінде сұранысқа ие бағыттарды қамтыды. Атап айтсақ, электрмонтаж жұмыстары, веб-технологиялар, мобилография, «ақылды үй» технологиялары, графикалық дизайн, аспаздық шеберлік, мейрамхана сервисі, наубайшылық шеберлік, сән өнері, шаштараз ісі, автокөлікті жөндеу және қызмет көрсету.



Байқау қорытындысы бойынша үздік үштікті Алматы қаласы, Ақтөбе облысы, Абай облысы иеленді.

«JasSkills Kazakhstan – 2025» байқауы дарынды жастарды анықтауға, жұмысшы мамандықтарды насихаттауға және мектеп оқушыларының кәсіби дағдыларын дамытуға арналған маңызды алаңға айналды. Ұлттық байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне «Altyn Bank» АҚ демеушілік етті. Алматы қаласы Білім басқармасы жеңімпаздарды құттықтап, барлық қатысушыға білім мен мамандыққа, шынайы шеберлікке деген талпыныстары үшін алғыс білдірді.

Мегаполис ұйымдастырушы ғана емес, жастар үшін нағыз тартылыс орталығына айналды. Мұнда жас талант-

тардың әлеуетін ашуға және жаңа буын мамандарын қалыптастыруға жағдай жасалып отыр. «JasSkills Kazakhstan – 2025» байқауы мегаполистің білім беру мен кәсіби даярлық саласындағы инновациялар мен көшбасшылық бас-тамалар қаласы ретіндегі мәртебесін айқындай түсті.

Чемпионат аясында «Менің болашақ мамандығым» жәрмеңкесі де өтті.

Онда алматылық мектептердің 2200-ден астам оқушысы колледждермен, білім беру бағдарламаларымен танысып, жетекші мамандардың шеберлік дәрістеріне қатысты.

Осылайша «JasSkills Kazakhstan – 2025» байқауы сайыс алаңы ғана емес, Алматыны жастарға жаңа мүмкіндіктер ұсынатын қала ретінде айқындады.

«НАУБАЙШЫ ШЕБЕРЛІГІ»

WorldSkills халықаралық чемпионатының форматы мен стандарттарына сәйкес Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «Наубайшы шеберлігі» құзыреттілігі бойынша чемпионат ұйымдастырылды.

10-ға жуық өңірден жиналған әрі алып шаһарға тіл үйірер ас әзірлеуге келген оқушылар – қалалық кезеңнен оза шауып, жеңімпаз атанғандар.

– Қазақстанның Оқу-ағарту министрлігі Алматы қаласы Білім басқармасымен бірлесе отырып, бізге үлкен жауапкершілік артты. Конкурсқа әртүрлі мамандық бойынша 20 өңірден 90-ға



Суретті түсірген К.ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Батырхан ДОСЫМОВ,
байқауға қатысушы:

Аспаз болғым келеді

Алматы қаласы №169 мектеп-лицейінің 9-сынып оқушысымын. Болашақта да ас әзірлеу саласы бойынша жұмыс істегім келетіндіктен, сайысқа қатысып жатырмын. Байқауға үш апта дайындалдым.

Дина ЕЛЕУСІНОВА,
байқауға қатысушы:



Ұйымдастыру деңгейін жоғары бағалаймын

Астана қаласынан келдім. Мақсатым – жеңіс болса да, жеңіліс болса да қатысып, тәжірибе жинақтау әрі ас әзірлеу саласына деген қызығушылығымды сынау. Сайысқа үш күн дайындалдым. Болашақта аспаз болуды армандамасам да, қамыр илеп, түрлі десерт дайындаған ұнайды. Қазір сайыс қызу жүріп жатыр. Нан, тоқаш, тәтті бәліш секілді тағамдарды дайындау үшін барлық керекті өнімдер бар. Сондықтан ұйымдастыру деңгейін жоғары бағалаймын.

жуық оқушы жиналды. «Наубайшы шеберлігі» конкурсының дәл біздің колледжде өткен себебі – WorldSkills байқауында жеңімпаз атануымызбен байланысты. Алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі – жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру. Бұрын жастар экономист, заңгер мамандықтарына көп қызығушылық танытса, қазір аспаз, графикалық дизайн, мобилография бойынша оқуға сұраныс артты. Мен бұған шын қуаныштымын! Осы орайда айта кетейін, бүгінгі сайыстан 1-орын алған оқушыға басшылық тарапынан Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде оқу үшін грант сыйлаймыз, – деді Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнұр Мұқажанова.

Айта кетейік, «Наубайшы шеберлігі» құзыреттілігі бойынша әділқазылар – «Дарен» ЖШС бас наубайшысы Дмитрий Скопцов, «Інжу» мейрамханасынан Жансұлу Әбенбай, «Аспаз» ЖШС, қоғамдық тамақтану инженер-технологы Мурад Хилаев.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.



МЕРЕКЕ

«Family park» отбасылық саябағы: «САҒЫНДЫМ, АЛМАТЫМДЫ»

Алып шаһар Алматы туған күнін атап өтті. Әуезов ауданы да мерекені жоғары деңгейде өткерді. «Family park» отбасылық саябағында өнерпаз ардагерлердің қатысуымен «Сағындым, Алматымды» концертті қала тұрғындарын мерекелік көңіл күйге бөледі.

Нұрлан
СҮЙІН

Әуезов ауданы әкімдігінің аудандық Ардагерлер кеңесімен бірлесіп ұйымдастырған мерекелік іс-шарасында сезімге толы әндер шырқалды. Жұртқа ұсынылған өнер туындыларының басты тақырыбы негізінен Алматыға арналды. Әндер қазақ, орыс, ұйғыр, т.б. тілдерде орындалып жатты. Ардагерлермен бірге өнерпаз балалар ұжымдары да мерекенің мерейін өсірді. Аспанда ән қалықтаған мерекеге Алматыға деген сүйіспеншілігін білдіргісі келген кез келген тұрғын қатысуға мүмкіндік алды. «Қала күні» кең көлемде аталып өтті. Біз тек бір ғана іс-шарада болып үлгердік. Отбасылық саябақтағы мерекелік күн айрықша бол-

ды. Ойын аттракциондарында балалардың шат күлкісі естіліп, балмұздақ пен тәттіге тойған бүлдіршіндер ата-аналарымен серуендеп жүр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қасен ЖАҒЫПАР,
ұйымдастырушы, аудандық
Ардагерлер кеңесі төрағасының
орынбасары:

– Мерекелік іс-шарамыз «Қала күніне» арналып отыр. Тұрғындардың көңілінен шығуда. Алматының туған күні осылай думанды, көтеріңкі көңіл күйде өтуі керек деп санаймын.

Әдима ТАУБАЙ,
аудан тұрғыны:

– Бүгінгі мереке керемет өтуде. Жалпы, біздің ауданда осындай мерекелік іс-шаралар жиі өтеді. «Қала күні» мерекесінің орны бөлек, әрине. Аудан тұрғындарының орындауындағы әндер көп нәрсені еске салуда. Енді бір жағынан бұл іс-шара аудандағы ардагерлердің әлі де «ат үстінде» екенін айғақтайды.



КӨКТӨБЕДЕГІ КЕШ

классикалық музыкаға арналған халықаралық
фестиваль алаңына айналды

Алматының ең көрікті орындарының бірі – «Көктөбе» саябағында қала күніне арналған музыкалық кеш ұйымдастырылды.

Досбол
АТАЖАН

Мегаполис мерекесіне орай Алматы тұрғындары мен қонақтарына ерекше сый жасалды. Сенбі күні сағат 16.00-ден бастап алматылықтар «Көктөбе» мен Абай алаңы арасындағы аспалы жолға тегін міне алды. Бұл – қала тұрғындары мен қонақтарына тау басына көтеріліп, музыкалық кештің куәсі болуға жол ашты. Аспалы жолдан бөлек биыл көктемде жаңғыртудан өткен «Денсаулық жолы» арқылы саябаққа жаяу көтерілген адамдардың қарасы көп болды.

Ал сағат 18.00-де «Көктөбе» саябағының сахнасында классикалық музыкаға арналған халықаралық фестиваль – «Көктөбе опера-2025» шымылдығын түрді. Алматылықтар алдында Зарина Алтынбаева, Расул Жармағамбетов, Жәмила Баспанова, Балуан Беркенов, Оксана Давыден-

ко, Нұржан Бәжекенов, Венера Алпысбаева және Марина Алтухова сынды белгілі опера шеберлері өнер көрсетті. Сондай-ақ, «Салтанат» би ансамблінің әсерлі қойылымдары, Il canto квартеті мен дирижер Алексей Беляков басқарған симфониялық оркестрдің өнері кештің көркін кіргізді.

– Біз ерікті ретінде Backstreet Boys концертіне қатыстық, енді қала күніне мерекеуге көмектесіп, «Көктөбе опера» фестиваліне келдік. Мұнда еңбектеген баладан, еңкейген қарттарға дейін адамдар көтеріңкі көңіл күйде жүр. Шетелдіктер де бар. Музыкалық кеш барлығына естен кетпес естелік болары сөзсіз, – деді Түркісіб комьюнити-орталығының менеджері Айша Жұмабек.

Фестивальдің арнайы қонақтары испандық тенор – Энрике Феррер және жапон балерины – Ариса Хасимото болды. Шетелдік өнерпаздардың өнері жиналған көпшілікті тәнті етті.

– Мен Алматыда 10 жылға жуық тұрып келемін. Мұнда әрдайым ауқымды іс-шаралар өтеді. Бүгін мерекенің арқасында Көктөбеге аспалы жолмен тегін көтерілдік. Сол үшін әкімшілікке алғыс айтамын. Концерт керемет өтіп жатыр. Қала күні құтты болсын! – деді Ажар есімді тұрғын.



Суретті түсірген Қайрат ҚОҢЫСБАЕВ

Орталық музей:

МЫҢ БОЯУЛЫ АЛМАТЫ

жүректерге мейірім мен махаббат сыйлаған күн

Алматының рухани жүрегі саналатын ҚР Мемлекеттік орталық музейі Қала күні құрметіне «Мың бояулы Алматы» деген атпен бір мезетте бірнеше іс-шара ұйымдастырды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Атап айтсақ, көрме де, саз балшықтан ыдыс жасаймын дегендерге шеберлік сабағы да, көтеріңкі көңіл күй сыйлаған концерт те, тіпті алма жәрмеңкесі де болды. Музей төрінен орын алған суретші ABTU ANET-тің «Менің үйім» көрмесінің мақсаты – өнер мен экологияны біріктіріп, көрерменін көркем бейненің күші арқылы табиғатқа қамқор болуға шақыру. «Бала кезімде ата-анаммен Көлсай көлдеріне жиі баратынмын. Бұл әсем орындар маған көптеген жақсы естеліктер сыйлады. Осы пейзаждардың әсерінен менің Алматы туралы бірқатар туындым өмірге келді», – дейді суретші. Өзгеше көрмені тамашалаушылар аз болған жоқ.

– Көрмеде суретшінің тұмса табиғаттың өзі көрген, сезінген сәттерінен алған әсер-



лері мен естеліктері, жан-дүниесіне тыныштық сыйлаған мезеттер байқалады. Суреттердің бояуы қанық, жылылық бар, – дейді қаладағы №130 гимназияның жас мұғалімі Алина Берікқызы.

Қала күніне үн қосуға келген «Dalacrafts Almaty» орталығының тыныс-тіршілігі де

қызықты. Құрылғанына үш жыл болған өнер ұжымында бес адам еңбек етеді. Мұнда аға буын да, жастар да, тіпті балдырғандар да жиі келеді. Олар саз балшықтан қыш құмыралар, гипстен де шағын ыдыстар жасайды. Арнайы станокта шыр айналған саз балшық қолдың ұсақ моторикасын дамытады, жүй-

кеңі тыныштандырады, жақсы ойға жетелейді.

– Біз алматылықтарға жайлы демалыс, тиімді уақыт және махаббат сыйлаймыз. Олай дейтінім, бізге бір-бірімен көңіл жарастырған жастар көп келеді. Олар саз балшықтан бірігіп құмыра жасап отырып, бірібіріне ыстық ықыласын, сезімін үнсіз-ақ білдіріп, бірге шаттанады, қуанады. Ал біз олардың махаббатының беки түскеніне қуанамыз, – дейді орталық жетекшісі Ақерке Айткелді.

Айтпақшы, алматылықтар өздері жасаған құмыраларын естелікке үйіне алып кете алады. «Dalacrafts Almaty» орталығының жастары Алматыдағы мектеп, балабақшалардың шақыртуымен де сол білім, тәрбие ордаларына барып, «шеберлік сабақтарын» өткізіп тұрады. Дамуында кінәраты бар балалар орталықтарына да жиі барып, оларға тегін қызмет көрсетеді.

Музей төрінде Алматы қаласы әкімінің эстрадалық-симфониялық оркестрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының, «Алматы әуендері» өнер ұжымы, Қазақ мемлекеттік цирк артистері өнер көрсетіп, Ж.Елебеков атындағы Қазақ мемлекеттік эстрада-цирк колледжінің жастары да ән салып, би биледі. Отандық «TAMEN» сән үйі брендінің, «ICONIC_MODEL AGENCY» агенттігінің заманауи ұлттық нақышта безендірілген киімдерінің көрсетілімі де көрермен назарын аударып, Қала күнін әрлей түсті.

Иә, Алматы күні – әр алматылықтың ауасын жұтып, суын ішіп отырған қаласына деген сүйіспеншілігін білдіретін ортақ қуаныш. Ал Алматы – бірлік пен жасампаздық, достық пен татулық мекені.



М Е Р Е К Е Л І

ӘКІМ

АСТАНА АЛАҒЫН ОТАНДЫҚ ЖҮЛДЫЗДАРДЫҢ ӘН-ЖЫРЫ ТЕРБЕП ТҮРДЫ



Нұржамал
ӘЛІШ

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, ол тарихы терең қаламыздың Тәуелсіздіктің талбесігі ретінде айрықша орынға ие екенін, дәл осы жерде егемен еліміздің талай тағдырлы шешімі қабылданып, мемлекет дамуына тың серпін бергенін атап өтті.

Ауа райы да жарқырап тұрғандықтан болар, мереке мезеттеріне куә болуға асыққан алматылықтар мен қала қонақтарында сан жоқ. Ардагерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері де төрден орын алды.

– Алматы мәдениет пен білімнің берекелі ошағы ғана емес, үлкен өркениеттің де бастауы. Қала жаңа технология, жасанды интеллект пен инвестицияның орталығына айналууда. Бұл орайда жемісті жетістіктер жалғасын таба береді, ол үшін барлық жағдайды жасаудамыз, – деді шаһар басшысы.

Әкімнің сөзіне сүйенсек, қаланың дамуындағы басымдық полицентрлік модельге берілетін болады. Негізгі мақсат – қаланың орталығын жүктемеден босату



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

және әр ауданда тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орталықтар қалыптастыру. Онда тұрғындар үшін жақын жерде жұмыс орындары, мектептер, емханалар, саябақтар мен демалыс орындары қолжетімді болуы тиіс. Сол мақсатта қазірдің өзінде «Шығыс» және «Батыс қақпала-

рын» дамыту қолға алынған. Полицентрлер жобасын іске асыру үшін ең алдымен конкурстық негізде шетелдік сәулетшілер тартылатын болады.

Иә, қаламыздың қарқынды дамып келе жатқаны қуантады. Алдағы жылдары 40-қа жуық саябақ пен сквер салу және жаңғырту жоспарланған. Сонымен қатар, «Қасбеттен қасбетке дейінгі қағидат» бойынша бірқатар ірі көшеде кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізілмек.

– Біз Алматыны үлкен бау-бақшаға айналдыруды мақсат етіп отырмыз. Биыл 360 мыңнан астам жасыл желек пен 10 мыңдаған ағаш отырғызылады. Сондай-ақ, қала көшелерін толығымен жарықпен қамтамасыз ету бойынша ауқымды бағдарлама іске қосылды. Жұмыстар қаланың бұрын жарықтандырылмаған 1200-ден астам учаскесінде жүргізілуде. Кешенді іс-шаралардың нәтижесінде биыл жыл соңына дейін сапалы сыртқы жарықтандырумен қамту 100%-ға жетеді, ал жарықтандыру қуаты екі есе артады, – деді Д. Сатыбалды.

Жарқын көңіл күйдегі үлкен-кіші бас қосқан Астана алаңын отандық жұлдыздардың ән-жыры тербеп тұрды. Мерекелік сахнада аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» тобы, Роза Рымбаева, Зарина Алтынбаева, Жәмила Серкебаева, Біржан Хасанғалиев, Бауыржан Мусин, Жазира мен Жанболат, Салтанат Бақаева, Аружан Данышпан, Ерлан Байназаров, Әли Оқапов пен Мәди Рымбаев, «Il canto» квартеті, «Жас Stars» тобы, «Жаңа толқын–2025» байқауының жеңімпазы Александр Лим, Диана мен Ален Самыкеновтер, Төлеген Рахымбаев және басқа да артистер өнер көрсетті. Көптің ықылас-қошеметі де мерекенің ажарын айшықтай түсті.

«Алматыда 50 жылдан бері тұрып келе жатырмын» деген Роза Рымбаева мен «Біздің ансамбльдің әндері Алматыда талай жасқа махаббат сыйлады» деген «Дос-Мұқасанға» халық ерекше құрмет көрсетіп, ұзақ қол соқты.

Жалпы, Қала күніне 500 мыңнан астам тұрғын мен қонақ жиналды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақпал МҰРАТҚЫЗЫ,
Алматы тұрғыны, үш баланың анасы:

САҒЫНЫШЫМ МӘҢГІЛІК

Алматыда менің студенттік шағым, ең жарқын күндерім өтті. Ең алғашқы махаббатыма да куә болған – ару Алматы. Өмірлік жарымды осы қалада жолықтырдым. Қазір төртінші баламызды күтіп жүрміз. Бүгінгі концертке отбасымызбен келдік. Біз отбасымызбен жиі саяхаттаймыз. Сонда байқағаным, қаншама озық үлгідегі мемлекеттердің жарқ-жүрқ еткен тамашаларын көріп жүрсем де, Алматымды сағынып тұрамын. Алматыдан басқа жерде тұра алмайтын сияқтымын. Ретро әндер де, заманауи шығармалар да шырқалған әдемі концерт үшін Алматыма рахмет айтамын!

МЕДЕУ АУДАНЫ

МАЗМҰНДЫ БАҒДАРЛАМА

алматылықтарды ерекше қуаныш пен шаттыққа бөледі

Налык Arena спорт кешені алдында Қала күні кең ауқымда аталып өтті. Мерекелік кешке аудан тұрғындары мен қала қонақтары көп жиналды. Мазмұнды бағдарлама жұртшылықты ерекше қуаныш пен шаттыққа бөледі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ашық аспан астындағы сахнада жүрекке жылы, сағынышқа толы әндер шырқалды. Әсіресе, «Думан» белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ардагерлері орындаған «Сағындым, Алматымды» әні көрерменнің ықыласына бөленді.

Алғаш сөз алған Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев Алматының тарихы мен бүгінгі жетістіктерін атап өтіп, тұрғындарды мерейлі мерекемен құттықтады.

– Алматы – тарихы терең, болашағы жарқын қала. Ал Медеу ауданы – 200 мыңнан астам тұрғыны бар, шаһардың ең ірі әрі беделді мәдени-өнеркәсіптік орталықтарының бірі. Қаламыздың өркендеуі – баршамыздың ортақ үлесіміздің жемісі, – деді ол.



Іс-шара аясында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына белсенді қатысқан еңбек ұжымдары марапатталды. Олардың қатарында Жоғары медициналық колледж, №6 арнайы мектеп-интернат, Алматы қалалық Оқушылар сарайы және Ядролық

физика институтының ұжымдары бар. Олар табиғатты аялауға, жастарды экологиялық мәдениетке тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін аудан әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Мерекелік кештің шынайы қуанышын тұрғындар да бөлісті. №53 мек-

тептің мұғалімі Жанар Тоқыбет оқушыларымен бірге қолөнер бұйымдарын көрмеге әкеліп, қала мерекесіне үлес қосыпты.

– Бүгін балалар өз қолдарымен жасаған жұмыстарын көпшілікке көрсетті. Олардың еңбегін ел бағалап жатқанын көру біз үшін үлкен қуаныш. Осындай мерекелер ұрпақтың шығармашылығын дамытуға ықпал етеді, – дейді ол.

Алматылық Мұрат Иманбекұлы отбасымен бірге мерекеге келіп, баласын ұлттық ойындарға баулып жүр.

– Бүгінгі мереке өте көңілді өтіп жатыр. Ұлым садақ атып, асық ойнап, ұлттық ойындарымызға қызығып жатыр. Дәстүрімізді дәріптейтін осындай мерекелер көп болсын, – дейді ол.

Қала тұрғындары концерттік бағдарламаны тамашалап, би алаңында сүйікті өнерпаздармен жүздесіп, фотоға түсу мүмкіндігіне ие болды. «Даму бала» бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының шығармашылық байқауы өтіп, жас дарындар ән айтып, би билеп, өлең оқыды. Сонымен қатар, асық ату, тоғызқұмалақ, садақ ату, күрестен жарыстар ұйымдастырылды. Кеш соңында қонақтарға Алматының апорты таратылып, мерекелік іс-шара шат-шадыман көңіл күймен аяқталды.





АЛМАТЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ:

DIGITAL FEST ALMATY

Қала күні заманауи Digital Fest Almaty фестивалі де таңдай қақтырды. Себебі, үлкен интерактивті алаңға айналып шыға келген Панфилов көшесіне жиналған алматылықтар мен шаһар меймандарына роботтар қызмет көрсетті.

Нұржамал
Әліш

Қала күнін мерекелеп жүрген тұрғындар цифрлық аймақта жаңа технологиямен жабдықталған ерекше кеңістіктегі дрондар орналасқан «Болашақ сферасын», Алматының символына айналған «Цифрлық алманы» тамашалауда. VR-ойындар мен тақырыптық фотоаймақтарда кезекке тұрғандар қарасы да аз емес.

Қала күнінде демалуға, серуендеуге шыққан тұрғындарды қас қағым сәтте-ақ портретіңізді салып беретін суретші-робот, мерекенің мезеттерін мәңгілік естелікке айналдырып беретін фотограф-робот пен ерекше сәттеріңізді бейнебаянға түсіре қоятын оператор-робот та қарсы алуда.

Ерекше фестиваль тамашалай келген баршасын таңқалдыруда. Олар цифрлық кейіпкерлермен бірге мерекелік атмосфераға енді. Бұл фестиваль озық технология мен мәдениет мәйегін тоғыстырып, отбасылық демалысқа, интерактивті ойындарға және балалардың инновациялар әлемімен танысуына мүмкіндік береді дейді ұйымдастырушылар.

Жақында ғана Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында елімізді толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру – стратегиялық міндет ретінде белгіленген, ал бұл үдерісте Алматының рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түспек. Себебі, мегаполисіміз еліміздегі цифрлық трансформацияның алдыңғы шебінде тұр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Раушан ЕСКЕРМЕСОВА,
қала тұрғыны, ұстаз-зейнеткер:

ЗАМАН КӨШІНЕН ҚАЛМАУ КЕРЕК

Біздің кезімізде цифрландыру деген ұғым болған жоқ. Немерелерім мен түсіне бермейтін ерекше көзілдіріктер киіп, түрлі ойындар ойнап маз болды. Садақ ату да балаларыма жақсы көңіл күй сыйлады. «Калейдоскоп» деген фотоаймағы да керемет екен. Жәшіктегі алмаларды балаларға роботтың алып беріп жатқаны тіпті қызық! Заманауи көштен қалмай, осылай жаһанданып жатқанымыз Алматыдай алып қала үшін де, оны дамытатын болашақ ұрпақ үшін де маңызды.



– Президент Жолдауында атап өтілгендей, Қазақстанды толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыруда Алматының рөлі ерекше. Қазіргі күні елімізде көрсетілетін ІТ-қызметтердің жартысынан астамы Алматыда жүзеге асуда. ІТ-инфрақұрылымды дамыту, талантты жастарды қолдау және инновациялық жобаларды ілгерілету – әкімдіктің басты басымдықтарының бірі. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес саласы қалада 1 миллионнан астам тұрғынды жұмыспен қамтып отыр. Биыл осы секторды қолдауға 70 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді, – деді Алматы қаласының әкімі Д.Сатыбалды Қала күніндегі салтанатты жиында сөйлеген сөзінде.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, заманауи интерактивті Digital Fest Almaty фестиваліне 40 мыңға жуық адам қатысқан.



Балалар фестивалі:

ЖАС ТАЛАНТТАР ТАРТУУЫ

Биыл Алматыда Қала күні мерекесі мазмұнының әралуандығымен ерекшеленді. Солардың бірі – Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» шағынауданында өткен «Балалар фестивалі».

Естай
СҰЛТАН

Фестиваль «Даму бала» жобасы аясында қызмет көрсететін орталықтардың бастамасымен 20 қыркүйек күні Амфитеатр алаңында ұйымдастырылды. Мерекеге қаладағы 12 өнер орталығынан 60-тан астам жас өнерпаз қатысты. Олар музыка, би, спорт, қолөнер және бейнелеу өнері сияқты түрлі бағытта өз шеберліктерін паш етті.

Ұйымдастырушылардың бірі – Dream school орталығының жетекшісі Жұлдыз Ысқақова балалардың концерттік қойы-



лымдары олардың Қала күніне деген шынайы тартуы болды дейді.

– Біз төрт жылдан бері «Даму бала»

бағдарламасымен жұмыс жасап келеміз. Осы мемлекеттік бағдарлама аясында балаларды тегін өнерге баулып,

республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатыстырып жүрміз. Бүгін Алматының туған күніне орай осы бағдарлама бойынша жұмыс істейтін орталықтар бірігіп, үлкен есептік концерт ұйымдастырып отырмыз. Фестивальға 12 орталықтан 60-тан астам бала қатысып, өз өнерлерін көрсетуде, – деді Жұлдыз Қызырқызы.

Балалардың концерттік бағдарламасы тек мерекелік көңіл күй сыйлап қана қоймай, «Даму бала» бағдарламасы аясында жұмыс істеп жатқан орталықтардың қоғам мен ата-аналар алдындағы есеп беру кеші іспетті өтті.

– Бүгін шәкірттеріміз Алматының туған күніне алып келіп отырмын. Олар сүйікті қаламызға деген шынайы сезімдерін өнері арқылы жеткізуде. Барша алматылықтарды мерекемен құттықтаймын, – дейді «Дарын» өнер орталығының тәрбиешісі Ұлтуар Айымбетқызы.

Фестиваль Алматының мерекелік шырайын айшықтап, жас дарындардың өнерін бағалауға мүмкіндік берді. Балалардың қуанышы мен шаттығы Қала күні мерекесінің ең жарқын сәттерінің біріне айналды.

Сурет: Автордан.

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ – 95

ӘН ПАДИШАСЫ

қазақ даласын сыршыл сазымен тербетті



Алматыдағы А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада қазақ вальсінің королі атанып кеткен Шәмші Қалдаяқовтың құрметіне арналған «Ән падишасы – Шәмші аға» атты музыкалық кеш өтті. Өнерді сүйетін жастар жиналған алаңда Халық артисінің көзі тірісінде бірге жүрген замандасы, қатар жүрген іні-досы Әлімғазы Дәулетхан жақсы естеліктер айтты.

Нұржамал
Әліш

Жүрекке жол тапқан

– Байқайтыным, Шәмші туралы сөз қозғалғанда көбіне жеңіл-желпі әңгімелер, оның ішкені, жүрген-тұрғаны жиі айтылады екен. Ал оның азаматтығы, адами келбеті керемет еді! Білімінің тереңдігі соншалық, қай саладан сұрақ қойсаңыз да, мүдірмей жауап беретін, білмейтіні жоқ еді. Құлағы қалқиған, денесі де шап-шағын, қағылез, дауысы қырылдап шығатын өзгеше адам болатын. Қалжыңдаушы едім, «Шәке, бір әуеннен бір әуен туындап жатыр толассыз. Өзіңіздің тұрқыңыз мынау, дауысыңыз анау, сонда бұл әндер қайдан шығады?» деп. «Оу, досым, маған көлденеңімнен қарамайсың ба?! Мынау кеудеме қарасаңшы! Әннің бәрі байдан емес, осы кеудеден шығады ғой», – деп күлгені бар еді. Расымен де, жүректен шыққан әнінің бәрін жас та, кәрі де әлі күнге шырқап жүр, – дейді Әлімғазы қария.

Туған жер

– Бірде «менің туған жерімді көресің бе?» деп сұрады. Әрине, дедім. Сонда Шәуілдірдің Сарыкөл деген жеріне апарды. Сол жерде қамыстан өрілген күркеде туған екен. Әкесі Қалдаяқ (шын аты Әнәпия, аяғында қалы болғасын жеңгелері Қалдаяқ атап кеткен көрінеді) байдың баласы болған. Кәмпескелеу заманында Арқа жақтан қоныс аударған деседі. Сол кезеңде Созақтың өзінде де көтерілістер болып, бой тасалауына тура келген. Шәмшінің анасы төренің қызы – Сақыпжамал. «Менің шешем керемет әнші болған» деп отыратын. Қалдаяқ екеуі Сыр өзенінің бойында қамыстан күрке жасап алып күн кешкен. Вальс королі сол жерде өмірге келеді.

Отызыншы жылы «Арыс – Түркістан» деген каналдың жұмысы басталады. Сонда арба, күрек, қайла, балта сынды шарушалық заттар жетіспей жатқанда, ұсталығы бар Қалдаяқ сол қат құрал-саймандарды жасап жүріп аты шығып, халықтың ортасына, елдің ішіне солай кірген екен, – деді қадірлі қонақ.

Адал дос

– Мен бір жылдары он жеті жылдай құжатсыз жүріп, көшіп-

қонудың азабын бір кісідей тартқан адаммын. Сонда Шәмшінің беделінің арқасын да КСРО-ның паспортын алғанмын. Жастайымнан ән айтып, домбыра тартып, ән, күй шығаратын өнерім болғандықтан шығар, үнемі жанына ертіп жүретін. Оның үлкен-кішімен қарым-қатынасына, адамгершілігіне тәнті болушы едім, – деп еске алды Әлімғазы ақсақал.

Жанашыр жан

– Оның елге, жерге, ата-анаға, жарға, досқа деген ықыласы – шығармашылығының басты тақырыбы еді. Шәмшінің Алматыда Қонаев берген төрт бөлмелі пәтері болды. Жұбайы екеуі алтын асықтай екі ұл сүйді. Мен көргенде ол бұл қалада көп тұрмайтын, күзге қарай келетін. Машинасына бір қап картоп, сәбіз, капустасын және бір жылқының етін салып алып, артынып-тартынып жететін бала-шағасына.

Осы қаладағы ағайын-туыс, жора-жолдасын шақырып соғымбасын беретін. Сосын қайтадан Шымкент жаққа жолға шығып кететін. Сонда тынбай шығармашылық ізденісте жүреді екен-ау! – дейді кеш мейманы.

«Өмір-өзен»

Шәмшінің лирикалық сезімге, нәзік иірімге бай, терең мағыналы кез-келген әні сан жүректі тербейді. 40 жылдан асатын шығармашылық жолында 300-ге жуық музыкалық туынды жазған. «Ана туралы жыр», «Сыған серенадасы», «Өмір-өзен», «Арыс жағасында», «Ақ бантик», «Бақыт құшағында», «Кешікпей келем деп ең» «Теріскей», «Отырардағы той» сынды шедевр туындылары бүгінде барлық мереке, той-думанда шырқалады десек, артық айтқандық емес.

Қазақ даласын әнмен тербеткен Қазақстанның халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері, аса көрнекті сазгер Шәмші Қалдаяқовтың танымал бірнеше әнін «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншілері Мағжан Сатыбалды мен Ұлсая Бектас және Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті Айберген Күзембаев әуелете шырқады. Бұл кеш жүректерге жылылық сыйлағаны анық.

ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ



АҚЫНМЕН ЖҮЗДЕСУ

Алматыдағы Ж.Жабаев атындағы кітапханада әдемі жыр кеші өтті. Әдебиет сүйер қауым Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, лирик ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Шәмсия ЖҮБАТОВАМЕН кездесті.

Нұрлан
СҮЙІН

«Қолтаңба» деп айдарланған жыр кеші әдемі өтті. Кездесу «Қала күніне» орайластырылыпты. Шәмсия Жұбатова – әдеби ортаға сонау сексенінші жылдары студент кезінде сырлы өлеңдерімен танылған қазақтың белгілі ақын қызы. Кездесуге келген жастар көп болды. Арасында Желтоқсан ардагерлері бой көрсетті.

Жырсүйер қауым сырлы өлең мен әсерлі әңгімеге сусап қалыпты. Ақын келушілерге өз өмірі мен шығармашылығы жайлы сыр шертіп, өлеңдерін оқыды. Оқырмандарының сұрауы бойынша кейбір өлеңдерінің шығу тарихына тоқталды, жастардың сауалдарына жауап берді. Мысалы, ертеректе жазылған «Гүлдегенде алма ағашы» өлеңі студент кезінде, анасы дертке ұшырағанда сағыныштан жазылған екен. Кейін композитор Т.Мұхамеджанов өлеңге керемет ән жазып, ол ән бүгінгі тілмен айтқанда «хит» боп кеткен еді. Өкінішке орай, ақынның анасы өлеңді оқып та үлгермеді.

Шәмсия ақын кездесуге келушілерге «Жоғалған желкен», «Қайта оралған көктем» өлең жинақтарын сыйлады. «Қала күні» қарсаңындағы жыр кеші әдемі өтті. Жырсүйер қауым сырлы өлең, әсерлі әңгіме тыңдап, рухани байып, керемет әсерде тарқады.





Ә.ТІЛЕУЛЕСОВ – 90

ЕСІМІ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БАСПАҒЕР

Әнуарбек Сағымбайұлы туралы бір үзік сыр

Әр заманда есімі естен кетпес, өмірі тұтас бір дәуірді бейнелейтін тағдыры тарих тұлғалар болады. Әнуарбек Сағымбайұлы Тілеулесов мен үшін сондай алыптар санатынан еді.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТАҒДЫРЫН АРҚАЛАҒАН ТОЛАҒАЙ ТҮЛҒА

Мен ол кісімен XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары, «Лениншіл жас» (бүгінгі «Жас Алаш») газетінде жұмыс істеген жылдардан бастап жақын араластым. Сол кезеңде еліміздің барлық газет-журналдары сияқты біздің басылымымыз да Қазақстан Орталық партия комитетінің газет-журнал баспаханасында (кейін «Дәуір» республикалық газет-журналдар баспаханасы деп аталды) теріліп, басылатындықтан әрі осы мекеменің ғимаратында орналасқандықтан оның директоры – Әнуарбек Тілеулесов «жасалаштықтар» үшін жақын жанашыр жанға – «өзіміздің Ән-ағаңа» айналған болатын. Редакциялық ғимарат пен газеттің жарыққа шығуы ғана емес, қызметтік көлік те, журналистердің жалақысы мен қаламақысы да осы баспахана иелігінде еді.

Сол заман үшін өте өзекті мәселе – редакция қызметкерлері мен баспахана жұмысшыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету, кәсіподақ арқылы адамдардың демалысын ұйымдастыру шаралары басшы беделінің арқасында тұрақты түрде оң шешімін тауып тұрды. Өнекеңнің баспахана ұжымын толығымен тұрғын үймен қамтамасыз етуі кеңестік кезең үшін ғажайып құбылыс ретінде бағаланды. Бүгінгі «дәуірліктер» Тілеулесов заманын ұлттық газет-журналдар редакциялары мен баспаханың алтын дәуіріне балайды.

Әнуарбек Сағымбайұлы – ҚР Инженерлік академиясының мүше-корреспонденті, техника ғылымдарының кандидаты, профессор ретінде 20-дан астам ірі инженерлік жобаларды өндіріске енгізген ғалым екенін біреу білер, біреу білмес. Ол республикалық күрес федерациясының президенті ретінде де Қазақстанда спорттың еркін күрес түрінің дамуына, оның халықаралық аренадағы беделінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді.

Әнуарбек ағамызды бүкіл қазақ баспасөзінің тағдырын арқалаған толағай тұлға десек те болар. Бұл өз алдына бөлек әңгіме. Сол кезең үшін тың сала – полиграфия индустриясында Өнекеңнің басшылығымен көптеген білікті кадрлар қалыптасты. Тоқсаныншы жылдары тағдырлары «Дәуірде» тоғысқан замандастарым жақсы біледі, егемендіктің елең-алаңын енді еңсеріп, тәуелсіз даму жолына жаңа түскен ТМД мемлекеттерінің арасында Тілеулесов басқарған қазақстандық полиграфистердің нарықтағы бәсі жоғары еді.

«ЖУРНАЛИСТ ПЕН БАСПАҒЕР ҰЛТ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС»

Өнекең туралы «дәуірліктер» де, журналистер де әйгілі Желтоқсан көтерілісіне қатысты қоғамда аңызға айналып кеткен тағдырлы мәселені күні бүгінге дейін жыр қылып айтады. Сонау 1986 жылдың желтоқсанында «Дәуірде» жұмыс істейтін өрімдей қазақ қыздары жазықсыз түрмеге қамалғанда Әнуарбек Сағымбайұлы тәуекелге барып, оларды босатып алды. Ешкімнен қайымпады. «Қыздарым кінәлі емес!» деп, тағдырлары қыл үстінде тұрған жетпіс қыздың намысын қорғап, нақақ жазадан аман алып қалды. Бұл қайсарлығы үшін партиялық номенклатураның «қара тізіміне»

ілігетінін білсе де, әділеттілік пен азаматтық қағидаттарын жоғары қойды. Айналып келгенде, сол батылдығы үшін жазықсыз жаламен қызметтен де, партиядан да аластатылды. Мойымады. Тағдырдың сынағына сынбады, а да м и азаматтық болмысын сақтап қалды. Еңбек жолын қайтадан қатардағы жұмысшыдан бастады. Тәуелсіздік таңы атқанда кәсіби біліктілігіне тәнті атқамінерлер құлді-ға кеткен ұлттық баспахананы қайта түлетіп, жаңғыртудың бірден-бір қадамы – Тілеулесовке қолқа салды. Ұжымның талабы мен қалауы да осы еді. Қайтадан басшылыққа оралған Әнуарбек Сағымбайұлы тоқсаныншы жылдардағы қиын-қыстау шақта баспаханың құлдырауына жол бермей, «Дәуірді» қайта дүрілдетіп, нарық заманының төріне шығарды.

Аңызға айналған тұлғамен ағалы-інідей сыйлас болдық. «Журналист те, баспагер де – халыққа жанашыр керемет мамандықтар ғой. Екеуі де бір адамның қолы мен аяғы іспетті. Журналист пен баспагер жеке басына емес, ұлт мүддесіне, ақиқатқа қызмет етуі керек. Демек, біздің қызметімізде үйлесім мен үндестік қажет. Газет – әділетті қоғамның жылнамасы болуы тиіс. Бүгін шығарған газетіміз ертең тарихқа айналады», – дегені бар-ды.

Бірде жол түсіп, арнайы комиссия құрамында Өзбекстанға бірге іссапарға шықтық. Сол жолы өзі жайлы естеліктерінен талай сырға қаңыққан едім.

Ауылдың қарапайым отбасынан шыққан Өнекеңнің тағдыры оңай болмапты. Талай «тар жол, тайғақ кешулерден» өтті. Өмір жолында жетімдік пен жоқшылықтың азабын көп көрсе де, ұшқан ұя тәлімі, ана батасы адастырмады, сүрінген жоқ.

Ол – әкелері майдан даласынан қайтпаған қайсар ұрпақтың өкілі. Әкесі Сағымбай фашизммен соғыста, 1942 жылдың ақпанында қаза тапты, қаралы хабар келгелі жас Әнуарбектің бар сүйеніші әрі тірегі – анасы еді. «Мен әкемнің қандай адам болғанын білмеймін. Тек оның майдан жолындағы ізімен жүріп өттім, қай жерде қаза тапқанын анықтап, Новгород өңіріндегі зираттан қабірін тауып, зиярат етіп қайттым», – деп еске алатын.

Жасынан зерек, еңбекқор ұл ауылдағы жалғыз темір-терсек шебері, темірге жан бітіретін «механик Гришаның» трактор жөндеу кәсібіне қатты қызығыпты. Инженер болуды армандапты. Ұлының талабын қолдаған анасы бетінен қақпады, Ресейге жолға шыққан баласына аналық батасын беріп, талғажу болсын деп, үйдегі соңғы қап ұнды арқалатып жібереді. Сөйтіп, ол талайдың қолы жетпеген, көпке арман болған КСРО астанасы – Мәскеуден бір-ақ шығады. Сондағы полиграфия институтының зерек те талантты түлегі атанған жалғыз қазақты



ұстаздары мен курстастары «өзіміздің Январбек» атап кеткен екен.

«ЯНВАРБЕК МЕКТЕБІ»

Елге оралған жас маман еңбек жолын баспаханада қарапайым слесарь болып бастады. Сосын механик те, технолог та, шебер де, инженер де болды. Цех бастығына, бас инженерлікке, баспаханың директоры лауазымына тағайындалды. Әр істің негізіне үңілді. Линотип әріп теру машинасын бүге-шігесіне дейін зерделді. Қорғасыннан құйылып жасақталатын «кассаны» үйіне көтеріп әкеліп, түннің бір уағына дейін ерінбей әріп теріп, тәжірибесін шыңдады. Алдымен өзі үйреніп, өзі істеді, содан кейін ғана өзгеден талап етті. Цехтағы әріп терушілердің қасында жүріп, әріпті қағазға түсіргенше машықтанды. Жұмысшыларын да адал еңбекке баулыды. Сөйтіп жүріп алты айда өзіне аманатталған өндірісті республикадағы кәсіпорындардың арасындағы жарыста бірінші орынға шығарды.

Ол тағдыры берген алғырлығы мен жанкештілігінің арқасында талай сын-сынақтар мен қауіп-қатерлерге тайсалмай қарсы тұрып, ТМД-дағы замандастарының арасында – «Январбек мектебін» қалыптастырды. «Дәуір» Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы барлық полиграфиялық кәсіпорындардың көшбасшысына айналды. Өзге тілді ортаның полиграфист-марқасқалары түгел дерлік білімі мен ілімі зерек Әнуарбек Сағымбайұлының еңбегі мен қызметін заманауи тәжірибелік мектебі үшін ерекше бағалайтын. Ол күллі Кеңес Одағы елдері баспаханашыларының ұстаз-мәтріне айналды.

Әнуарбек аға жұмысқа келгенде жалқаулық пен жауапсыздыққа, салғырттыққа көз жұма қарай алмайтын, қатал, турашыл әрі талапшыл кісі болды. Әр сөзі мен ісінен баспахана өндірісінің қай саласын болса да жетік меңгерген әмбебап маман, білікті басшы екені бірден байқалып тұратын.

ҚАЗАҚ ПОЛИГРАФИЯСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Біздер, XX ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарының жастары, әйгілі Көкбазар жанындағы 9 қабатты Журналистер үйінде, баспаханада жұмыс істе-

ген замандастарымызбен ара-тұра кездесе қалсақ, сол кезеңдегі «Дәуірдің» ғажап дәуірін жиі еске аламыз. Әнуарбек ағамыздың тағдыры шынымен де – адал еңбектің, ұлттық мүддеге деген жана-шырлық пен қайсарлықтың шынайы үлгісі дер едік. Ағамыздың қатал, бірақ білікті, іскер, әділ басшы болғанын көз көрді. Өндірісті еліміз бойынша үздіктер сапына шығарды. «Дәуірдің» даққын республикада ғана емес, Одақта да аспандатты. Кеңес заманында Алматыда Орталық Азия мен жалпы КСРО (батыс бөлігі) бойынша жаңа технологиямен тұңғыш алып баспахана кешенін салдырып, офсеттік тәсілге жол ашты, ұлттық газет-журналдар сапасын жаңа деңгейге көтерді. Қазақ баспасөзі жаңа дәуірге қадам басты, Орталыққа – Мәскеуге тәуелділіктен арылып, еңсесін көтерді. Қазақстанның орталық баспаханасын шетелдік небір полиграфия алпауыттарының өзі мойындап, мамандары қазақ полиграфиясының көшбасшысымен кеңесуге, тәжірибе алмасуға жиі келіп тұратын.

Өнекең басшы ретінде еңбеккерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатты көңіл бөлетін. «Дәуірде» еңбек адамы ерекше құрметтелетін. Ол баспахана асханасында қызметкерлер мен жұмысшылардың талапқа сай сапалы тамақтануын, ұжым мүшелерінің денсаулығын үнемі қатаң бақылауында ұстайтын. Аптасына бес жұмыс күніндегі асхананың түскі ас мәзірлері бір-бірін қайталамайтын, бейсенбіде – тұрақты түрде балық тағамдары ұсынылатын. Тіпті, таңға дейін жұмыс істейтіндер үшін кофе, сүт-айран, тоқаш түрлері, түнгі ас тегін ұйымдастырылатын. Денсаулығы сыр берген жандар дереу қамқорлыққа алынатын. Тегін дәрігерлік көмек көрсетіліп, ем-шаралар жасалатын арнайы әмбебап дәрігерлік орталық та ашып қойды. Терапевт-дәрігер Күләш Сақтанқызы Оспанованың жетекшілігіндегі маман-дәрігерлер диагностикалық ем-шараларынан бастап, тіс емдеуге дейінгі барлық медициналық көмекті тегін көрсететін. Кәсіподақ жұмысшылар мен қызметкерлердің, журналистердің денсаулықтарын түзеу үшін оларды арнайы тегін санаторийлерге жіберетін. Мекемелік балабақша мен балалар комбинатын, жұмысшы-жастар жатақханасын салдырды. Ұжымдық мерекелеріміз баспаханың жеке иелігіндегі «Полиграфист» мәдениет үйі мен әйгілі «Березка» демалыс саябағында, «Қаракөлдек» шипажайында өтетін. Азық-түлік тапшылығы мен қымбатшылығы жаппай белең алған сол жылдарда Өнекең Алматы облысында жекешелендіру тізіміне түскен артта қалған шаруашылықты мекеме меншігіне сатып алғаны бар. Сөйтіп, «Шалкөде» қосалқы шаруашылығы пайда болды. Нәтижесінде «Дәуірдің» асханасына да, баспахана мен редакциялар ұжымдарына да талай жыл бағасы нарық деңгейінен төмен сапалы азық-түлік өнімдері үздіксіз жеткізіліп тұрды.

Әнуарбек Сағымбайұлы – тағдырдың талай сын-соқпағынан өтсе де, біздің есімізде азаматтық келбеті мен адамдық биігін кірлетпеген, ұлтқа мінсіз қызмет еткен тұлға ретінде мәңгілік сақталары сөзсіз. Өзі өмірден озса да, артында адал ісі мен өшпес ізі қалды. Тілеулес әулетінің туын ұстайтын, әке өнегесін ұлықтап, жолын жалғайтын ұлдары – Нұрлан мен Роллан, қызы – Сәуле бар. Ал қазақ полиграфиясы мәтріннің мұрасы мыңдаған шәкіртінің бағдаршамына айналып, қолтаңбасы еліміздің бүкіл ұлттық басылымдарының жылнамасында әрқашан дараланып тұрары хақ.

Төрехан ДАНИЯРОВ.

ШАХМАТ

Алматыда шахматтан кадеттер арасындағы әлем чемпионаты басталды. Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында шахматтан кадеттер (U8, U10, U12) арасындағы әлем чемпионаты өтіп жатыр. Жарыс 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Аталған додаға әлемнің 88 елінен 850-ден астам жас шахматшы қатысуда. Атап айтқанда, Үндістаннан – 28, Қытайдан – 25, АҚШ-тан – 24 спортшы қатысады. Қазақстан намысын 200-ден астам адам қорғайды.

Әлем біріншілігінің ашылуына ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Халықаралық шахмат федерациясы президенті Аркадий Дворкович, Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов қатысты.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаевтың айтуынша, Қазақстанда шахмат спорттың бір түрі ғана емес, білім берудің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауының арқасында шахмат қарқынды дамып келеді. Өткен жылдың өзінде біздің спортшылар халықаралық аренада 160 медаль жеңіп алды. Бүгін шахматты бастауыш сыныптардың мектеп бағдарламасына енгізу мәселесі қарастырылып отыр. Өйткені, бұл ойын балаларды логикаға, сабырға, зейінге және стратегиялық ойлауға үйретеді. Бұл мемлекеттің зияткерлік ұлт қалыптастыру бағытына сәйкес келеді, – деді ол.

Өз кезегінде Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды осындай ауқымды турнирді өткізу қала үшін ғана емес, бүкіл ел үшін маңызды оқиға екенін атап өтті.

– Бүгінде Алма-



ты шахмат әлеміндегі ең айтулы жарыстардың бірін өткізіп отыр. Әсіресе, чемпионаттың қала күні қарсаңында өтуі ерекше мәнге ие. Бұл біз үшін құрмет әрі зор жауапкершілік. Түрлі елден келген 850-ден астам бала осында жиналып, өздерінің зердесін, талантын және табандылығын көрсетіп отыр. Шахмат – халықтарды біріктіретін, зияткерлік болашағын қалыптастыратын әмбебап тіл. Алматы қатысушылар үшін қонақжайлықтың, достықтың және жаңа жеңістердің қаласы болып қала беретініне сенемін, – деді шаһар басшысы.

Ал Халықаралық шахмат федерациясының президенті Аркадий Дворко-

вич бұл жарысқа 200-ден астам қазақстандық баланың қатысуы – еліміздегі шахмат деңгейін көрсететінін атап өтті.

– Кадеттар арасындағы әлем біріншілігі жыл сайын өтеді және бұл жарысқа ең үздік жас шахматшылар жиналады. Алматыдағы турнирдің ерекшелігі – мұнда жиналған федерациялар өкілдерінің саны рекордтық деуге болады. 88 федерация өз делегациясын жіберді. Қазақстан атынан 200-ден астам бала қатысады, бұл елдегі шахмат деңгейінің айтарлықтай өсіп келе жатқанын көрсетеді, – деді Халықаралық шахмат федерациясы президенті Аркадий Дворкович.

Еске салайық, Алматыда 2022 жылы ересектер арасындағы рапид және блиц бойынша әлем чемпионаты, 2024 жылы жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өтті.

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ


ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОН

Ұлттық ұлан сапында мерзімді әскери борышын өтеп жүр

Ұлттық ұлан сапында тек құқықтық тәртіптің сақшылары ғана емес, нағыз чемпиондар да бар. Солардың бірі – ҚР ІІМ Ұлттық ұланының Алматы қаласында орналасқан 5571 әскери бөлімінде мерзімді қызметін атқарып жүрген қатардағы жауынгер Алдияр Жаркеев.



Нұржамал
Әліш



Әскер қатарына Жезқазған қаласынан шақыртылған Алдияр – Қазақстанның екі дүркін чемпионы. Оның есімі қоян-қолтық ұрыс әлемінде жақсы таныс. Ол алғашқы үлкен жеңістеріне әскерге дейін қол жеткізген. 2021 жылы Қарағандыда аса жеңіл салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанса, 2023 жылы Астанада чемпиондық атағын қорғап шықты.

Әскердегі алғашқы күндерінен-ақ командирлер оның спорттық әлеуетін байқады. Биыл Түркістан қаласында өткен Ұлттық ұлан әскери қызметшілері арасындағы спорттық және жауынгерлік самбодан өткен чемпионатта Алдияр 70-тен астам мықты спортшы қатысқан бәсекеде 58 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдені еншіледі.

Бұл жетістік кездейсоқ емес. Алдиярдың спортқа деген сүйіспеншілік пен жігерлі мінезі отбасында қалыптасқан. Оның ағалары да кезінде Ұлттық ұлан сапында мерзімді әскери борышын өтеп, інісіне лайықты үлгі көрсетті.

Алайда, ұландықтың әскери қызметі тек спортпен шектелмейді. Бүгінде ол Алматы көшелерінде патрульдік қызмет атқарып, қоғамдық тәртіпті қадағалап, мәдени және спорттық іс-шараларда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүр.

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

ЖАРАЙСЫҢ, АЙДОС!



Араға 26 жыл салып, қазақ балуаны грек-рим күресінен әлем чемпионы атанды.

Хорватия астанасы Загребте өткен грек-рим күресінен әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына алтын медаль түсті. Отандасымыз Айдос Сұлтанғали 60 кг дейінгі салмақтың финалында Әлішер Ганиевтен (Өзбекстан) басым түсті. Хорватиядағы бәсекенің іріктеуінде қазақ балуаны Максвелл Хоппер Блэкті (АҚШ), Мелкаму Фетенені (Израиль), ширек финалда Париж Олимпиадасының қола жүлдегері, Азия ойындарының қола жүлдегері Сеун Лиді (Солтүстік Корея) жықты. Жартылай финалда Амиран Чавадзеден (Грузия) мықты екенін дәлелдеді.

– Қашан қазақ баласы тарихты жаңартады деп ойлап жүрдім. Міне, сол күн келді, – деді жеңісінен кейін Айдос Сұлтанғали.

Айдос Қазақстанға 26 жылдан кейін ересектер арасындағы әлем чемпионатының алтынын сыйлады. Осыған дейін грек-рим күресінен Афиныда 1999 жылы отандасымыз Мхитар Манукян (63 кг) топ жарған. Осы аралықта Алмат Кебіспаев, Мейрамбек Айнағұлов, Демей Жадыраев, Қорлан Жақанша, Ержет Жарлықасын сынды бозкілем шеберлері бас жүлдеге біртабан жақын болды. Жалпы алғанда Сұлтанғали егемендік алғаннан

бері күрестің осы түрінен ересектер арасындағы әлем чемпионатының финалында күрескен оныншы қазақ палуаны. 29 жастағы қызылордалық спортшы осыған дейін 60 кг дейінгі салмақта әлем чемпионатында 2 рет қола медаль иеленген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Айдос Сұлтанғалиды әлем чемпионатындағы жеңісімен құттықтады. «Айдос Сұлтанғалиды Әлем чемпионатындағы жарқын жеңісімен құттықтаймын! Ол – грек-рим күресінен осы ғасырдағы тұңғыш жеңімпаз Палуандарымыздың жеңісті жолды жалғастыра беруіне тілектеспін!», – деп жазды Президент Instagram парақшасында.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РУХАНИЯТ



ЖҰЛДЫЗБЕН ЖҮЗДЕСУ

Өнер мен өмір үндескен шығармашылық кеш

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлт-тық университетінің Журналистика факультетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері, танымал актриса, әнші әрі тележүргізуші Айгүл Иманбаева студенттермен шығармашылық кездесу өткізді.

Дана
САДЫРҚАН

Іс-шараның басты мақсаты – болашақ журналистердің өмірі мен шығармашылық жолына азық болар тәжірибе мен ерік-жігер беру және медиа саласындағы жаңа өзгерістер төңірегінде ой өрбіту. Кездесу барысында Айгүл Иманбаева өзінің өнер жолындағы алғашқы қадамдары, қиындықтары мен жетістіктері туралы әңгімелеп, студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарына шынайы жауап берді.

«Журналист болу – үлкен жауапкершілік. Сіздер – халық пен биліктің, руханият пен қоғамның арасындағы алтын көпірсіздер. Сондықтан шын-

дық пен әділдікті ту еткен кәсіби маман болуға ұмтылыңыздар. «Мен мына белесті бағындыра алмадым» деп, жетістікке жете алмағаныңа өзгелерді кінәлау – шындықтан жалтару. Жетістікке жету жолында қолдан келгенін аянбау керек», – деді Айгүл Иманбаева.

– Кеш барысында белгілі әншінің өз аузынан поэзия шумақтарын есту көңіл күйімізді жадыратып жіберді. Әсіресе, мен көпшілік білмейтін тың ақпарат естіп, бір марқайып та алдым. Мәселен, Айгүл Иманбаеваның әдебиеттегі ұстазы – Дулат Исабеков болса, журналистикадағы ұстазы – Клара Қабылғазина болып шықты. Кеш соңындағы әуезді ән шырқаған студенттер өнері естен кетпес ерекше әсер сыйлады. Болашақ журналистерге осындай әйгілі тұлғалармен жүздесу саны ұлғайса, білім алушылардың оқуға деген зейіні мен мақсаты айқындала түседі, – деді Журналистика факультетінің 1-курс студенті Амина Орынбасар.

Кездесу бейресми әрі жылы атмосферада өтті. Тележүргізушілікті армандайтын, сахнадағы мансабын қалыптастырғысы келетін жастарға әртістің тәжірибесі мен әңгімелері маңызды бағыт-бағдар берді. Іс-шара соңында студенттер Айгүл Иманбаеваға алғыс білдіріп, естелік суретке түсті.

КӨРМЕ

АДАЛ АС – денсаулық кепілі

Алматы қаласының «Бақшасарай» қабылдау үйінде ҚМДБ «Халал Даму» стандарттау және сертификаттау мекемесінің ұйымдастыруымен HALAL EXPO–2025 халықаралық көрмесі өтті.



Досбол
АТАЖАН

Көрменің ресми ашылуына Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы қатысты.

– Халал индустриясы бүгінде тек мұсылман қауымына ғана емес, бүкіл адамзат үшін адалдық пен тазалықтың белгісіне айналды. Бұл көрме – кәсіпкерлердің, ғалымдардың, технологтар мен тұтынушылардың басын қосып, тәжірибе бөлісуге, жаңа серіктестік орнатуға және адал өнімдер нарығын кеңейтуге жол ашатын маңызды алаң, – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сондай-ақ, Бас мүфти салтанатты рәсімде үздік халал кәсіпорындар мен қызметкерлерді арнайы марапаттады. «Үздік халал кәсіпорын» номинациясы бойынша 8 кәсіпорын, «Үздік мамандар» номинациясы бойынша 8 қызметкер марапатталды.

Көрмеде отандық кәсіпкерлермен бірге Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Беларусь, Моңғолия, Индонезия мен Малайзия мемлекеттерінен келген 100-ге жуық кәсіпорынның өнімдері қойылды. Іс-шара аясында халал саласына қатысты семинар-тренингтер өтті.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Аяжан ҚУАНЫШОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



МЕРЕКЕЛІК ӘН-ШАШУ

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР мен ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТ

Шаһарда өнер мен тарих үндескен мерекелік кеш өтті



Суреттерді түсіріп: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда Қала күніне орай Тұңғыш Президент атындағы саябақта Аөткен музыкалық театрландырылған қойылым көрерменді тәнті етті. Салтанатты іс-шараны тамашалауға келген алматылықтар мен қала қонақтары өнер мен тарих үндескен әсерлі кештің куәсі болды.

Қойылымда Алматы қаласының бай шежіресі, мәдени мұрасы және қазіргі келбеті көркем сахналық көріністер арқылы бейнеленді. Алып шаһардың ежелгі

дәуірлерден бастап заманауи мегаполиске дейінгі даму жолы вокалдық өнер арқылы сахнаға шықты.

Оркестрдің бас дирижері және көр-

кемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қанат Ахметов болды. Сондай-ақ, мерекелік концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Игорь Благодарный және Халықаралық байқаулардың лауреаты Береке Еңкебаева ән шырқап, көптің жүрегін жаулады.

Қойылым барысында жиналған қауым Алматының мәдени дамуына және заманауи келбетіне куә болды. Дәстүрлі өнер мен заманауи шығармашылық элементтермен үндестік тапқан сахналық көріністер көрермен ықыласына бөленді.

Қала күні мерекесіне шетелден келген қандастар да куә болды.

– Мен Қытайдан келдім. Алматының сұлулығына, қонақжайлылығына тәнтімін. Әсіресе, бірнеше күн бойы жалғасып жатқан Қала күні мерекесі маған қаланы толық тануға мүмкіндік берді. Қытайда тұрсам да, жүрегім қазақ деп соғады. Бүгінгі музыкалық қойылым ерекше әсер сыйлады. Қазақ халқының бай мәдени мұрасын дәріптеп, рухани сусындауға мүмкіндік сыйлады. Тіпті, еліме деген сағыныш қазақтың әуенімен үйлесім тауып, көзіме жас ұялады, – деді Сая Азат.

ПОП–МУЗЫКА ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Тамаша хиттарымен әлемді бағындырған жұлдыздар сан мыңдаған жанкүйерін қуантты. Концертті асыға күткендердің арманы орындалды. Бұл – поп-музыканың нағыз аңыз артистерімен жүздесудің тамаша мүмкіндігі әрі биылғы жылдың ең жарқын музыкалық оқиғаларының бірі болды.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

Концертке кіру тек билет арқылы жүзеге асты, іс-шара аумағына кірерде барлық қонақ міндетті арнайы тексеруден өтті. Қауіпсіздік пен жайлылық мақсатында автотұрақ қарастырылмағандықтан, адамдар көбінесе қоғамдық көлікті пайдаланды. 12 жастан асқан балалар арнайы ережелермен концертке қатысты, ал 16 жасқа дейінгілер тұратын аймақтарға кіруге шектеу қойылған.

Қонақтарға шылым шегуге, алкоголь және қауіпті заттарды алып кіруге қатаң тыйым салынды. Кенеттен денсаулығы нашарлаған қонақтарға стадион аумағында медициналық қызметкерлер көмегі дайындалды. Концертте қоғамдық тәртіп те ескерусіз қалған жоқ. Алматы қалалық полиция департаментінің мәліметінше, «Backstreet Boys» тобының концерті кезінде қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шамамен 2,5 мың полиция қызметкері жұмылдырылған.

Backstreet Boys концерті – музыка тарихындағы маңызды оқиға, сондықтан ұйымдастырушылар барлық қатысушының қауіпсіздігі мен жайлылығына ерекше мән берді.

Алматының Орталық стадионында әлемге әйгілі Backstreet Boys өнер көрсетті



ШЫНАЙЫ МЕРЕКЕЛІК АТМОСФЕРА

Сағат 15.00-де стадион есігін айқара ашып, кешке қарай трибуналар мен фан-

зоналар көрерменге толды. Мыңдаған адам бірге ән айтып, шынайы мерекелік атмосфераны көрсетті. Бірі жастық шағын еске алса, енді бірі сүйікті бойз-бенді өз

балаларына көрсете алғанына қуанды. Топты қарсы алуға тек алматылықтар ғана емес, өзге елдерден келген жанкүйерлер де жиналды. Тіпті Лас-Вегас арнайы ұшып келген Юлия Пелецкая әсерін жеткізді: «Билетті жазда-ақ сатып алдым. Алматы – ерекше қала екен. Концерт маған керемет драйв пен толағай эмоциялар сыйлады», – деді ол. Концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды: кіру QR-кодпен жүзеге асты, қауіпсіздік пен тәртіпті полиция қадағалады, стадион аумағында жедел жәрдем кезекшілік етті. Қонақтарға арналған фудкорттар мен эксклюзивті мерч дүңгіршектері жұмыс істеді. Волонтерлер қонақтарды қарсы алып, бағыттап, атмосфераны одан сайын ыңғайлы етті.

– Бұл концерт менің өмірімдегі ең ғажайып оқиғалардың бірі болды. Әуендері жүрегіме жетіп, әр әнді бірге шырқаған сәттер мәңгі есімде қалды. Бэкстрит Бойздың энергетикасы мен харизмасы сахнада шексіз болды, олармен бірге болу – нағыз бақыт. Әсіресе, көрерменнің бірлігі мен қуанышы көзге айқын көрінді. Әр ән – балалық шақтың, махаббаттың, армандардың символы сияқты сезілді. Бұл кеш мені қайтадан жастық шағымға оралтты, – деді Қытайдан келген Ли Сюе есімді көрермен.

Алматы соңғы уақытта әлемдік жұлдыздар сахнасына айналып келеді. Жақында Дженнифер Лопес триумфпен өнер көрсетсе, енді аңызға айналған Backstreet Boys қаланың музыкалық тарихына жаңа парақ қосты.

Бұл концерт Алматының халықаралық деңгейдегі шоу-бағдарламаларға дайын екенін тағы бір дәлелдеді.

Бетті әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.